




## Үздік 50 елдің қатарында

БҰҰ дерегі бойынша Қазақстан телекоммуникациялық инфрақұрылымның әлемдік индексіне 42-ші орынға ие болды. Ал елдегі интернетті пайдалану деңгейі 93%-ға жетті.



Салтанат ЛИНЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан ақпараттық технологиялар мен мемлекеттік қызметтерді дамытуда елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Осылайша, Халықаралық электрбайланыс одағының жаһандық киберқауіпсіздік индексіне Қазақстан ТМД елдері арасында дербес деректерді қорғау бойынша көшбасшы орынға ие болды.

Сондай-ақ, соңғы 10 жылда халыққа қолжетімді мемлекеттік қызметтер саны екі есеге өсті және олардың цифрлық платформалар арқылы қолжетімділігі тұрақты өсуде. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында қазақстандықтарға онлайн-сервистер мен қосымшалар арқылы 33 млн мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Ал, қазан айында QR-кодтарды және Digital ID жүйесі арқылы 18 млн сәйкестендіруді пайдалана отырып, 8 млн қолтаңба тіркелген. Бұл цифрлық шешімдерге тұрақты сұранысты және азаматтардың цифрлық әрекетіне қызығушылығын көрсетеді.

Бұл жетістіктер цифрлық ортаны жақсартуға және пайдаланушылар үшін қауіпсіз жағдай жасауға мүмкіндік беретін бірқатар хакатондар мен іс-шаралармен толықтырылды. Қазақстан өзінің цифрлық инфрақұрылымын күшейте отырып, заманауи технологиялар мен ыңғайлы онлайн-сервистер есебінен азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жұмысты жалғастыруда.

### • ФОРУМ

## Сала саңлақтарының салтанаты

Астанада алғаш рет ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумы өтті. Елдің түпкір-түпкірінен келген 2 мыңнан астам форум делегаттары аграрлық саланы дамытудың жолдарын талқылады. Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев форумның елімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Егін салып, мал бағып, еңбектің нанын адалынан тауып, молшылықты еселеп жүрген ауыл шаруашылығы еңбеккерлері мерекеді бірқатар мемлекеттік наградаларға да ие болғанын да айту керек. Ал, Қарағанды облысынан форумға 130-дан астам адам қатысты.



Салтанат ЛИНЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

### Соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш

Алдымен, Мемлекет басшысы форумға қатысушыларды ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтады.

– Сіздерді ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумында қарсы алғанымға қуаныштымын! Ең алдымен, баршаңызды алдағы кәсіби мереке – ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күнімен құттықтағым келеді. Біздің іс-шарамыз Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отыр. Әрине, бұл ауқымды науқанның нәтижелері әртүрлі бағаланғанын білесіз. Алайда, тың игерудің арқасында отандық аграрлық сала айтарлықтай оң өзгерістерге ұшырады. Ал, еліміз қысқа уақытта әлемдегі басты астық қоймаларының біріне айналды. Әлеуметтік инфрақұрылым айтарлықтай жақсарды, ел карта-

сында жаңа елдімекендер пайда болды, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Қазақстан бүгінде егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде алтыншы орында. Одан бөлек, бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреді. Ал, ұн экспорттауда көш басындағы елдің бірі.

– Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Дикандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент агроөнеркәсіп кешеніне жан-жақты қолдау көрсетіліп келе жатқанын айтты. Мақсат – ауыл шаруашылығының дамуына жаңа серпін беру. Бүгінде азықтүлік қауіпсіздігінің жаһандық индексындағы Қазақстанның көрсеткіштері айтарлықтай жақсарған. Осылайша, 2022 жылы Қазақстан 32-ші орынға көтеріліп, ТМД елдері арасында көш бастады.

– Біз ауыл шаруашылығын бәсекеге қабілетті озық салаға айналдыруымыз керек. Агроөнеркәсіптік кешен экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналуы тиіс. Бұған бизнес те, мемлекет те мүдделі. Ең алдымен, бұл азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауыл тұрғындарының өмірі мен әл-ауқаты да саланы жағдайына тікелей байланысты, – деді Президент.

### Қолдау нәтижесі жеткізді

Қасым-Жомарт Кемелұлы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу, саланы индустриаландыруды белсенді түрде жалғастыру, ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету, селекция мен тұқым шаруашылығын жандандыру, озық технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін арттыру және агроөнеркәсіп саласының экспорттық әлеуетін күшейту мәселелерін қозғайды.

– Саланы қаржыландыру мәселесін шеше отырып, мемлекет ағымдағы жылы АӨК шығындарын едәуір арттырды. Енді фермерлер көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына 5% мөлшерлеммен жеңілдікті неси алады. Оның көлемі алғаш рет жарты триллион теңгеден асты, кейін ол бір жарым триллион теңгеге дейін жеткізіледі. Биыл дәнді дақылдардың өнімділігі гектарына 16 центнерді құрады. Бұл заманауи агротехнологияларды қолдану, жоғары сапалы тұқымдарды, тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту арқасында мүмкін болды. Енді жиналған өнімді сақтау және оның бағасының құлдырауына жол бермеу міндеті тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы және Көлік министрліктері астықты басқа облыстарға жеткізуді жедел қамтамасыз ету қажеттігін де айтты. Ол үшін өңір әкімдерінің үйлесімді жұмысы қажет.

– Мол өнімнің кепілі – егіс және егін жинау жұмыстарын уақтылы қаржыландыру. Жыл сайын фермерлер төлемдердің кешігуіне байланысты егін егуде қиындықтарға тап болды. Сондықтан менің тапсырмам бойынша көктемгі егіс жұмыстарына жеңілдікті несиелер биылғы желтоқсан айынан бастап қолжетімді болады. Нәтижесінде фермерлер жанармай, қосалқы бөлшектер, басқа да қажетті тауарлар мен қызметтерді алдын ала сатып ала алады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы форум барысында Үкіметке субсидия берудің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, саладағы нарықтық тәсілдерді дәйекті түрде нығайту қажет екенін айтты.

► 2-бет

### «ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТИНЕ



### АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай 10447,44 12 айға 20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3386,60 12 айға 6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5882,60 12 айға 11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3074,60 12 айға 6149,20
Жеткізусіз	12 айға 4116

### 25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан / Ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылушылар үшін	3492	6149,20	5 633,20

### Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

### • БАСПАСӨЗ – 2025

## «Орталықты» асыға күтіп отырамын

Өз басым газет оқысам, бірден жетпей тұрады. Сүйікті басылым «Орталық Қазақстанның» әр санын асыға күтіп отырамын. Нақтырақ айтсам, 1977 жылы институт бітіріп, инженер болып жұмысқа орналасқан сәттен осы «Орталықпен» достас бастадым. Себебі, инженер болғандықтан, үнемі ізденісте жүріп, ғылым мен технологияны да зердене тоқып отыруым керек.

Газетке жазылсаң, пайдасын көрмесең, зияны жоқ. Кез келген саланың қызметкері газет-журнал оқып, көштен қалмай дамыса, несі жаман?! Мен сол жас маман кезімнен бері әлі күнге оқып, ізденуден талған емеспін.

Байқап отырсам, Арқа өңірі баспасөзінің қарашаңырағы «Ortalyq Qazaqstan» газетін үзбей оқып келе жатқанымға 47 жыл болыпты. Әр санын асыға күтетін тұрақты оқырманымын. Арасында өзімнің де жазбаларым шығып тұрады.

Аймақтың тынысы, басты жаңалықтары, ауыл мен ауыл шаруашылық мәселелері, руханият һәм өнер жаналықтарын, тарихи дүниелерді сүйін оқимын. Әсіресе, ауыл мен ауыл шаруашылығы, кадрлық саясат, шағын және орта бизнес, фермерлердің проблемалары тақырыбындағы мақалалары жанымға жақын.

«Ortalyq Qazaqstan» газетімен етене жақындығым 1988 жылы совхоз директоры болған жылымнан басталды. Ал, 2000 жылдан бері әкімдік

қызметте жүргенде газетпен тығыз байланыста болдым.

Кез келген көзі ашық, көкірегі ояу адам газет-журнал оқу керек деп ойлаймын. Өйткені, жұмыстан немесе оқуда болсын, аймақта, елде не болып жатқанын біле отыру қажет.

Газетке жазылу кезінде өзін басшылық еткен үш аудан да үнемі жоғары көрсеткіш көрсетіп, «Ortalyq Qazaqstan» газеті де сол аудандардың тыныс-тіршілігіне үнемі көңіл бөліп отырды.

Газетпен тығыз байланыста болып, оның жұмысына қолдау көрсеткеннен кем болмадық. Қайта керісінше, дамыдық, өніп-өстік. Сондықтан да, аймақ тұрғындарын «Ortalyq Qazaqstan» газетіне жазылуға шақырамын.

Оның үстіне, қазір «Орталыққа» жазылу өте оңай. Ешқайда барып әуре болмайсыз. Kaspi QR-коды арқылы әп-сәтте шаруа бітеді.

Өз кезегінде «Ortalyq Qazaqstan» басылымының сындарлы сыни мақалалары ерекшеленіп, қоғамдағы түйткілді сұрақтар мен елді толғандырар тақырыптарды жүйелі қаулап, көтеріп отыратынын атап өткім келеді. Алдағы уақытта да газет ұжымына шығармашылық табыстар тілеймін!



Жорға журналистердің жазары

мол, тақырыптары тұщымды және оқырмандарыңыз көп болсын деп тілек білдіремін!

Ниханбай ОМАРХАНОВ, мемлекеттік қызмет ардагері



# Сала санлақтарының салтанаты

(Соңы. Басы 1-бетте).

## Жылқы шаруашылығы институты құрылады

Форумда көтерілген тағы бір маңызды мәселе – ауыл шаруашылығы ғылымын дамыту. «Бүгінде әлемдік азықтүлік нарығында бәсекелестік күшейіп келеді. Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін ғылымның дамуына басты назар аудару қажет», – деген Мемлекет басшысы стратегиялық басымдықтардың бірі – селекция мен тұқым шаруашылығын жандандыру екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жылқының қазақ халқының тарихында аса маңызды рөл атқарғанына тоқталды және елімізде жылқы санының тұрақты өсіп келе жатқанына қуанышын білдірді. Бірақ, асыл тұқымды жылқының үлесі небары – 1%. Яғни, 4,2 миллион бас жылқының тек 40

мыңы ғана таза тұқымды. Оның пікірінше, асыл тұқымды жылқыларды өсіруге көп көңіл бөліну керек.

– Қазақстанда жылқының бірнеше түрі бар. Оның ішінде қазақпен бірге жасап келе жатқан жабының орны ерекше. Кейін оған Қостанай, Көшім және Мұғал-жар тұқымдары қосылды. Әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Мен бұған дейін Адай жылқысы Маңғыстаудың баға жетпес қазынасы екенін айттым. Оны әлемге таныту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырдым. Қазір Адай жылқысы ресми түрде бөлек тұқым ретінде тіркелді. Бұл арғымақтар Ұлы дала жорығында, басқа да аламан бәйгелерде топ жарып жүр. Қостанай жылқысы да мықты. Алайда, жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр, небәрі 280 бас қалған. Сондықтан, жылқының санымен қатар, сапасын арттыру – маңызды міндет. Биыл қазақ жылқысының



тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылдадық. Енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам жасаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған орай, Президент жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын құруды тапсырды.

– Мен Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құруды тапсырамын. Білікті мамандар мұны көптен бері айтып жүр. Құзырлы органдар қысқа мерзім ішінде осы мәселені пысықтап, қаржы көздерін нақтылауы керек, – деді ол.

## Еңбегімен еңселі

Президент Жарлығымен ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі жемісті еңбегі, отандық ауыл шаруашылық ин-

фрақұрылымның дамуына қосқан үлесі үшін бір топ майталмандарға мемлекеттік наградалар табысталды. Жемісті еңбегі үшін марапатталғандардың қатарында Осакаров ауданына қарасты «Садовое-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жұмыс істейтін Садовое ауылдық округінің тұрғыны Татьяна Москвина бар.

Татьяна Богдановна 1967 жылғы 5 ақпанда дүниеге келген. Алғаш рет 1986 жылы Осакаров ауданындағы Садовое шаруашылығының №3 бөлімшесіне сауыншы ретінде жұмысқа қабылданды. Бүгінге дейін бір орында табан аудармастан еңбек етіп, жұмысына жауапты әрі ұқыпты Татьяна Москвина Мемлекет басшысының қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алғанын айту керек.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына қатысып, алған әсерім ерекше. Барғанша ерекше толықтаным рас. Әсіресе, мемлекеттік награданы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан алу мен үшін үлкен мәртебе. Мұның барлығы – әлбетте, еселі еңбектің жемісі. Адал еңбек табысқа жеткізетініне көзім жетті. Кейінгі жастарға да осыны жеткізім келеді. Ештеңе оңайшылықпен келмейтіні анық. Еңбек етіп, батылдықып алға ұмтылғанда ғана нәтижеге жетеуе болады, – дейді Татьяна Москвина.

Форумға қатысқан облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин ауыл шаруашылығы саласына ерекше көңіл бөлінгені құптарлық жағдай екенін айтады.

– Ауыл шаруашылығы саласының табыстылығы көп жағдайда ауа райына тәуелді. Осыған байланысты, облыста бірқатар жобалар қолға алынды. Мәселен, суармалар жерлерді қайтадан енгізіп жатырмыз. Жалпы, Қарағанды – өндірістік өңір. Соған қарамастан биыл ауыл шаруашылығы саласында жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Бұл – аграршылардың ерен еңбегі арқылы келген жетістік. Олардың барлығы форум барысында айтылып, лайықтылары мемлекеттік наградаларға ие болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дикандарымызға ерекше ризашылығын білдірді, – дейді Саят Қабиденұлы.

Суреттер akorda.kz сайтынан



## Міндет пен мүмкіндік

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен кезекті аппараттық жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының іргелі мәселелері таразыланды. Күн тәртібінде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау, ауылдық елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысы кеңінен талқыланды. Өз кезегінде өңір әкімі әлеуметтік кәсіпкерлікті жан-жақты дамыту, мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалану, сондай-ақ, сумен жабдықтау мәселелерін жедел әрі тиімді шешу арқылы өңірдегі өмір сапасын жақсартуға назар аударды. Мұнымен бірге, жана жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды жанарту және халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсету жөніндегі нақты шаралардың ендігі легі белгіленді. Жиын қорытындысы бойынша жауапты орган өкілдеріне алға қойылған межелі міндеттерді сәйкесінше орындау жөнінде нақты тапсырмалар берілді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

## Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

### Осал топ онық жемейді

Әлеуметтік кәсіпкерлік – қазіргі экономиканың маңызды бөлігі. Себебі, осы сала тек бизнестің дамуына ықпал етіп қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау әрі қоғамға ауадай қажет жобаларды дамыту сияқты іргелі де күрделі әлеуметтік мәселелерді қамтиды.

Облыста әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы өміршен өзгерістерді мемлекеттік органдар тарабы жан-жақты қолдауға мүдделі. Яғни, халық ішіндегі сан түрлі топтардың жалпы жағдайын жақсартуға, өңірдегі өмір сүру сапасын арттыра аларлық игілік қатары қабылданады. Облыстық кәсіпкерлік басқармасы басшысының міндетін атқарушы Абзал Рахымбаев өз өкілеттігі шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің тізімін жүргізу жөніндегі өңірлік үйлестірушінің міндетін орындайтынын еске салып, мұндай үдеріс кәсіп нысанын тіркеу амалын жеңілдету, жалпыхалық кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау, сондай-ақ, кез келген іскер азаматтың өсуі мен дамуы үшін жағдай жасау мақсатында құрылғандығын тілге тиек етті.

– Бекітілген талаптар кестесіне сәйкес, әлеуметтік кәсіпкерлерге бизнесті өзі бастағандар ғана емес, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыратындар немесе азаматтардың осал санаттарын қолдайтындар да жатады. Кәсіпкерлік субъектілері қызмет бағытына және мәселелер маңызына қарай 4 санатқа бөлінеді. Тізілімге енгізу шарттары қатаң регламенттелген. Мұны кәсіпке қатысу бар кез кел-



ген жанның білгені маңызды, – деді спикер.

Облыста әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін бұл тізімге енгізу үшін құрылған арнаулы комиссия құрамы мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен тұрады.

– Әлеуметтік кәсіпкерлерге барынша жан-жақты қолдау көрсетілуі тиіс, – деп атап өтті Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. – Мемлекеттік органдар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін қабылданған қолданыстағы заңнамалар мен құқықтық актілердің толық және тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуі қажет. Кәсіпкерлік басқармасы қажет болған жағдайда кейбір нормаларды жетілдіру үшін орталық мемлекеттік орган тарабына келелі ұсыныстарын да жіберуге тиіс. Қалалар мен аудандар әкімдері ресми веб-ресурстарға ақпаратты, сондай-ақ, әлеуметтік жобаларды

тіркеу, қаржылық қолдау алу, серіктестер іздеу және жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін әлеуметтік бизнесті жүргізу бойынша кадамдық нұсқаулықты дайындауға және орналастыруға міндетті. Өмір сапасы – халық сенімінің айнасы, – деп айқын аңғартты өз ойын өңір басшысы.

### Мемлекеттік қолдау – кәсіпкерге тың серпін

Биыл кәсіпкерлерді кеңінен қамту мен ақпараттандыру үшін облыстың барлық өңірлеріне іс-сапарлар ұйымдастырылып, басқарма қызметкерлері жергілікті телеарналардағы хабарларға қатысты, әлеуметтік кәсіпкерлердің қызметін насихаттау бағытында бейнероликтер жарияланды. Нәтижесінде жыл соңына дейін тізілім қатарына 16 шағын және орта бизнес субъектісі енгізіліп, барлығы 136 адам жұмыспен қамтылған. Орташа жылдық өнім мен көрсетілген қызмет көлемі

шамамен 1 млрд. теңгені құрайды. Жұмыс істеп тұрған әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың білім беру бағдарламаларын іске асыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруға көмектесу, өмірлік қиын жағдайдағы адамдарға медициналық және әлеуметтік көмек, аз қамтылған адамдарды жұмысқа орналастыру сынды бағыттар негізінде өрбиді. Бұл өз кезегінде саланың дамуына ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар, жаңа қызметтер көрсету және жұмыс орындарын құру арқылы аймақтағы өмір сапасын арттырады.

Қарағанды облысындағы әлеуметтік кәсіпкерлікке қаржылық қолдау да бар. Мәселен, кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несиесі беріледі. Бұл – инвестициялық мақсаттарға 1,5 млрд теңгеге дейін,

түпкілікті қарыз алушыға 7% субсидияланған мөлшерлеменен мемлекетке 500 млн. теңгеге дейін несиесі алу мүмкіндігі. Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған өтеусіз гранттарға келетін болсақ, осы жылы өңірдің 10 әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі жалпы сомасы 50 млн теңгеге мемлекеттік гранттар алды.

Алдағы уақытта көзделген жеңілдіктер мен қолдау шаралары әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің одан әрі дамуына, жаңа жұмыс орындарын құруға және материалдық-техникалық базаны нығайту мен сервисті жақсартуға оң әсер етуі тиіс.

Иә, кәсіпкерліктің қоғамдағы ролі күннен-күнге артып келеді. Бұл бағыт тек экономикалық пайдамен шектелмей, қоғамдағы ең өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін ерекше тетікке айналуға. Мемлекеттік органдар мен жергілікті билік өкілдерінің бұл салаға ерекше көңіл бөліп, заңнамалық базаны жетілдіру және қажетті инфрақұрылымды құру арқылы жан-жақты қолдау көрсетуі – уақыт талабы. Шынында әлеуметтік кәсіпкерлік тек бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашып қана қоймай, қым-қуыт қоғамның ұйытқысы болып, адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершілікті дәріптейтін жаңа мәдениетті қалыптастыру жолында тұр. Келер болашақта, кемел келешекте бұл сала одан әрі өркендеп, жаңа идеялар мен жобалар арқылы азаматтық қоғамның селкеусіз сенімі мен қолдауын нығайта беретініне күмән кем. Себебі, осал топтарға қамқор болу – тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әлеуметтік кәсіпкерлердің еңбегі арқылы азаматтық қоғамның күшін арттыру және жұмыс істейтіндеріне есте сақтауымыз маңызды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

### Ауылды сумен жабдықтау көрсеткіші артады

Мемлекет басшысы 2021 жыл 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған еді.

– Осы мақсатта Үкімет 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын бекітіп, оған сәйкес су құбыры желілерін салуға, қайта жаңғыртуға қаржы бөліп, Бүгінде сумен жабдықтау қызметіне тұрғындардың қала халқының 98,6%-ы, ал, ауыл тұрғындарының 93,6%-ы қамтылды, – деп хабарлады облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Арман Саттыбаев.

Аймақта 342 ауылдық елді мекен бар. Жалпы, халық саны – 209 186 адам. Орталықтандырылған сумен 225 ауыл қамтылған. Ағымдағы жылы ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау бойынша 32 жобаны іске асыру, 60 шақырым су құбыры желілерін салу мен реконструкциялау көзделді.

Халықтың 100% ауыз сумен қамтамасыз етілуі келесі жылдың соңына дейін ерекше бақылауда болатынын атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

– Алда азаматтардың, әсіресе, ауылдық жерлерде өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін су құбыры желілерін салу және қайта құру бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. Мақсаты айқын, міндеттері анықталған, қаржыландыру мәселесі шешілуде. Бұл – бюджетті қалыптастыру кезінде ескерілуі тиіс басым міндет. Жұмысты дұрыс ұйымдастыру және жауапкершілігімізді есте сақтауымыз маңызды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Орындары жұмыс. Ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі тек денсаулық пен гигиенаның негізі ғана емес, сонымен қатар, халықтың өмір сапасын арттыруға, экономика мен экологияны сақтауға ықпал етеді. Ел сығардаң тірліктің сызын сезінбесін деген тілеуорлық ниет. Осылайша, Жолдауда көрсетілген мақсаттарға жету жолында халықтың бірлігі мен елдің күш-жігері басты рөл атқарады. Жоталы да жойдалы жобаның табысты іске асуы Қазақстанның тұрақты дамуы мен болашақ ұрпақ үшін берік негіз қалыптастыратыны сөзсіз.

Сурет облыс әкімінің сайтынан

## • СЕМИНАР

## Интеграция игілігі

Достық үйінде этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелеріне арналған оқыту семинары өтті. Семинарда этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары, міндеттері мен негізгі бағыттары талқыланып, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл алгоритмдері түсіндірілді.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Семинарға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин, облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, сондай-ақ, өңірдің қала-аудан әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары қатысты.

Спикерлер этносаралық интеграция мен келісімді қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде этносаралық коммуникацияларды дамытудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, этностарды біріктіру және ұлт бірлігін қалыптасты-

ру үшін, әсіресе, жастар бойынша патриотизм мен жалпыазаматтық құндылықтарды сіңірудің маңыздылығына тоқталды.

Этносаралық инциденттердің уақытылы алдын алу және этномедиацияны дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ғалым Шойкин өз сөзінде тұрақтылықтың негізгі факторы этникалық тегіне қарамастан, азаматтардың құқықтарының теңдігін сақтау, қандай да бір кемсітушілік пен ксенофобияға

жол бермеу болып табылатынына баса назар аударды. Сонымен қатар, этносаралық негіздегі кез келген инциденттердің алдын алу бойынша мемлекеттік және құқық қорғау құрылымдарының тиімді жұмысы үшін этносаралық өзара іс-қимыл алгоритмдерін қатаң сақтау қажеттігі айтылды.

Спикер Қазақстанда этносаралық қақтығыстардың жоқ екенін, алайда тұрмыстық, тұлғаралық және қылмыстық келіспеушіліктер

этносаралық дау-дамайға айналу қаупі бар екенін еске салды. Сондықтан, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл алгоритмін білуі және сол бойынша әрекет етуі маңызды екенін атап өтті.

Семинар екі күнге созылып, сенбі күні қорытындыланды. Этносаралық салада диалог қалыптастырып, тәжірибе алмасу үшін осындай шаралар керек екендігі айтылды.

Сурет ұйымдастырушылардан

## • САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

## Қаһарман рухына құрмет

Қарағанды қаласындағы 31775 әскери бөлімде Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің туғанына жүз жыл толуына орай салтанатты шара өтіп, әйгілі тұлғаға ескерткіш тас орнатылды.



Болатбек ӘШІМУЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлы Отан соғысында асқан ерлігімен көзге түскен қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Қожахметұлының өмір жолы 82 жыл бұрын құрылған осынау әскери бөлімнің тарихымен де тығыз байланысты екен.

Ал, Батырға арналған ескерткіш тастың авторы – қарқаралық қолөнер шебері Манарбек Кәрім. «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерінің қолбасшысы, генерал-майор Ержан Ибраев өнер туындысының ав-

торы ретінде салтанатты шараға арнайы шақырылған Манарбек Әзімбекұлын Алғыс хатымен және С.Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған төсбелгімен марапаттап, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, 31775 әскери бөлімнен шыққан өзге де қаһармандардың есімдері тасқа қашалып, бөлімнің құрмет төріне қойылды. Отан алдындағы қастерлі борышын өтеп жүрген жас жауынгерлерді патриоттық рухта тәрбиелеуде бұл шараның маңызы зор деп білеміз.

Сурет автордан

## • ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Балқаштың базары тарқамас үшін

«Қазақмыс» корпорациясы Балқаш көлінің экожүйесін сақтау үшін 5 млн доллар бөлетінін жариялады. Бұл туралы «Қазақмыс» корпорациясының Тұрақты даму жөніндегі директоры Сәкен Шаяхметов Бакуде өткен COP29 халықаралық конференциясында айтты.

Халықаралық конференцияда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен Қазақмыс «Балқаш көлінің су ресурстарын басқару: Халықаралық ынтымақтастық, зерттеулер және қаржыландыру» тақырыбында диалогтық сессия өткізді. Сессияға ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Жақабаяев, Ernst&Young компаниясының Орталық Азиядағы климаттық өзгеруі және тұрақты даму мәселелері жөніндегі аймақтық директоры Виктор Коваленко, сондай-ақ АҚШ, Финляндия, Иран мемлекеттерінен халықаралық сарапшылар мен Азия Даму Банкі (АДБ) сынды ұйымдардың өкілдері қатысты.

Сессияны жүргізген Сәкен Шаяхметов Балқаш көлін сақтаудың стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, бұл мәселе ұлттық әрі халықаралық деңгейде ерекше назарда болуы тиіс.

– Балқаштың Арал теңізінің қайғылы тағдырын қайталауына жол бермеуіміз керек. Бұл көл миллиондаған адамның өмірі, аймақтың экономикасын және ел болашағын айқындайтын маңызды жобалар үшін шешуші мәнге ие. Біз осы мақсатқа жету үшін әлемдік

қауымдастықпен күш-жігерімізді біріктіруге дайынбыз, – деді С.Шаяхметов.

Бұған дейін мамыр айында Балқаш қаласында өңірдің экологиялық мәселелерін шешуде маңызды қадам болған Су-климаттық форумы өткен болатын. Бұл мәселе COP29 конференциясында халықаралық деңгейде талқыланды. Келесі кезеңде жетекші сарапшылардың қатысуымен нақты бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Жоспарланған бастамалар аясында Қазақмыс Балқаш көлінің экожүйесін зерттеуге арналған

ғылыми жобаларды дамыту және аймақтың су ресурстарын тұрақты басқару тәсілдерін енгізуге ниет білдірді. Биоалуандық пен судың сапасын бақылауға ерекше назар аударылып, экожүйедегі өзгерістерге дер кезінде жауап беру күн тәртібіне қойылады. Сондай-ақ, жергілікті халықтың экологиялық тұрғыда ағарту бағдарламаларын жүзеге асыру және су ресурстарын сақтау саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу үшін халықаралық сарапшылармен және серіктестермен ынтымақтастықты дамыту жоспарлануда.

Алдағы 5-10 жылда жүзеге

асырылатын бастамалар Балқаш экожүйесінің жағдайын жақсартуға, антропогендік әсерді азайтуға, жергілікті халық пен бизнес арасында экологиялық жауапкершілікті арттыруға және Балқаш-Алакөл бассейнінің табиғи ресурстарын тұрақты басқарудың тиімді моделін құруға мүмкіндік береді.

«Қазақмыс» компаниясының өкілдері Арал теңізінің құрғауы немесе Каспий теңізінің қазіргі экологиялық қиындықтары сияқты апаттардың алдын алу үшін Балқашты сақтау аса маңызды екенін ерекше атап өтті. Ұлттық және халықаралық серіктестердің бірлескен күш-жігері көлді болашақ ұрпақ үшін өмірлік маңызы бар табиғи әрі экономикалық ресурс ретінде сақтап қалуға көмектеседі.

Өз тілшімізден

## • КОНЦЕРТ

## Классикалық музыка шақырады

Музыка – күйбедікке шырмалып, тұншыққан адам жанын жарыққа жетелейтін күдірет. Қарағандыдағы «Шалқыма» концерт залында Е. Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестрдің концерті өтеді. Мұнда скрипкашы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асқар Дүйсенбаев өнер көрсетеді. Өнер кеші 23 қарашаға белгіленген.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Асқар Дүйсенбаев – профессор, халықаралық байқаулардың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, «Мәдениет саласының үздігі». Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі кварталінің алғашқы скрипкашысы, Metropolitan (Мәскеу-Шве-

ция) Халықаралық Жастар оркестрінің концертмейстері болды. Иордания, Германия, Швейцария, Испания, Италия, Франция, Швеция, Жапония, АҚШ, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан қалаларын аралаған.

Кеш бағдарламасында классикалық музыка жауһарлары бар.

## • ФЕСТИВАЛЬ

## Таланттардың таңы атты

Облыстық «Таланттар таңы» фестивалі осымен жиырма бесінші рет мүгедектігі бар адамдардың шығармашылық және спорттық әлеуетін ашуда. Әлеуметтік шара мүмкіндігі шектеулі жандарды рухани дамыту және олардың қоғаммен байланысын нығайту мақсатын көздейді.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль 12 қарашада басталып, жұма күні мәресіне жетті. Бірінші күннен-ақ қатысушылар түрлі бағыт бойынша жеңіске деген талпынысын көрсетті. Фестивальдің алғашқы күні «Жастар» спорт кешенінде өтті. Мұнда қатысушылар спорттық сайыстарға қатысты. Атап айтқанда, асық ату,



бес асық, тоғызқұмалақ сынды ұлттық спорт түрлерінен сайысты, «Көңілді старта» қатысты. Екінші күнінде шығармашылық сайыстар ұйымдастырылды. Өн мен би орындап, көркемөз оқу, музыкалық аспаптарда ойнау машығын

жиналғандарға паш етті. Бейнелеу өнері мен сандық қолданбалы өнер туындыларын көріп, оны мүгедектігі бар адамдар жасады деп ойламайсыз. Бірнеше күнге созылған шараның марапаттау салтанаты жұма күні №2 Оқушылар сарайы



ында өтті.

Шараға мұрындық болған мүгедек балаларға және олардың отбасыларына көмек көрсететін «Үміт сәулесі» қоғамдық қайырымдылық қорының басшысы Татьяна Кравченко фестивальдің ауқымы жыл

өткен сайын артып келе жатқанын айтты.

– Біз бұл фестивалді ұйымдастыруды бастағанда, оған қатысқысы келетіндер аз болатын. Алғашқыда 135 адам қатысқан еді. Қазір қатысушылар саны мыңнан

асады. Облыстық барлық өңірлерін қамтыдық. Балаларды ғана емес, ересектермен де жұмыс істеп жүрміз қазір. Алғашқы жылдары ата-аналар ерекше балаларын қоғамға көрсетуден қысылатын. Қазір балаларымыз көп. Олардың жас кезден қоғамнан оқшауланбай, өздерін көрсетіп, дамыта білгеніне қуанамын, – деді ол.

Фестивальға жан-жақтан білім беру және арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орындарының, коррекциялық мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі ұйымдардың ұжымдары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты. Ең жас қатысушы – 5 жастағы Илья. Ол ән айтты. Фестиваль қатысушыларын қолдап келген туыстары олардың өнері мен талантына куә болып, жетістігіне бірге қуанды.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО



## • ӨНЕР ӨРІСІ

## Қаллекидің жалғасы

Қазақтың сахна өнеріне Қарқаралы перзенттерінің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бұл ретте қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, КСРО Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері Қалибек (Қаллеки) Қуанышбаевты немесе Қазақстанның және КСРО-ның Халық артисі Шолпан Жандарбекованы айтсақ та жеткілікті. Және бұл дарындар сабақтастығы ешқашан үзілген де емес. Астанадағы сол Қаллеки театрының негізін салушылардың бірі, сол Шолпан апайдың төл шәкірттерінің бірегейі, актер жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Қалыбекұлы Ыбыраев өткен жұмада туған жеріне келіп қайты.



гіндегі» – Кенгірбай би, Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күніндегі» – Едіге, М.Кәрімнің «Ай тұтылған түніндегі» – Диуана, У.Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасындағы» – Пастор, «Гамлетіндегі» – Полоний, А.Чеховтың «Ваня ағайындағы» Войничский сияқты көптеген айшықты рөлдерімен көрермен қошеметіне бөленген.

Қ.Қуанышбаев атындағы театрдың ұжымы ат басын алдымен Ақжол ауылына тіреп, осындағы Қаллеки атындағы тарихи-өлкетану музейіне саяхат жасады. Ұлы ұстаздың рухына тағзым етіп, өткен-кеткеннен тәрбиелік мәні зор әңгіме өрбтті. Ал, кешкісін Қарқаралыдағы Ш.Жандарбекова атындағы мәдениет үйінде үлкен өнерге сусаған елге «Кеш» спектаклін ұсынды.

Бұл «Кеш» – еліміздегі драма театрларының 18-ші республика-

лық фестивалінде Гран-при иеленген үздік қойылым. Беларус драматургі А.Дударевтен қазақтың аяулы ақыны Фариза Оңғарсынованың өзі қазақшалаған шығарманы режиссер Болат Ұзақов осыдан он бес жыл бұрын сахналаған.

...Сахнада – келешегі бұлыңғыр ауылдың күйі. Онда тек қаладағы бала-шағасына алаңдаумен күн өткерген қарі-құртаң ғана қалған. Бар ермегі мен тіршілігі – құдықтан су тартып, болмашыға құнжындап жүріп, күллі тіршіліктің тілеуін тілеу. Қазақтың жанынан да, тәнінен де әлі кетпеген әлеуметтік жара. «Кешті» көріп отырсаңыз, Жаратушы адамды жер бетіне осы бір мұздай әлемді әлдилеуге жіберген-ау, ал біз болсақ не істеп жүрміз деген ой кимелей береді... Сахнада үш-ақ кейіпкер: Василий (Мультик), Никита (Гастриг) және Ганна. Сәйкесінше рөлдерді ойнаған Болат Ыбыра-

ев, Мейрам Қайсанов, Қулия Қожахметова – үшеуі де Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Үш майталманның өнерін дүйім жұрт екі сағат бойы демін ішіне тарта тамашалады. Әлбетте, мұның бәрі режиссер бастаған сахна сыртындағы өзге де шеберлердің мықтылығы екені даусыз.

Айтқандай, Қаллеки театрында осы спектакльдегі Ганна ролін ойнайтын негізгі актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Рымкеш Омарханова да – Қарқаралы ауданының тумасы. Сонау 90-шы жылдардың басына дейін Қарағандыдағы Сәкен театрының белді артисі болған ол кісі де Болат Ыбыраевпен қатар Астана барып, Қаллеки театрының уығын қадасқан. Бұл күнде сексен бес жастағы актриса анамыздың әлі де сахна төрінде жүргенін естіп қуанып қалдық.

Өз тойын елдің тойына айналдырған Болат Қалыбекұлына жерлестері де лайықты құрмет көрсетті. Қарқаралы қаласының әкімі Аслан Рахымбергенов театр ұжымына алғыс білдіріп, мерейтойына есіне сый-сияпат жасады. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры директорының орынбасары Артур Ізтілеуов те театр ұжымы атынан ауданға естелік сыйлық табыстады. Өнерпаздар ертеңіне Болат ағаның туған жері Нұркен ауылында болып, «Кешке» ағайындарын шақырды. Қалың ел кешегі Қаллекинің жалғасымен қауышты.

Қарқаралы ауданы  
Суретті түсірген  
Тішбек ХАМИТОВ

## • ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Көрмедегі көркем мұра

Халықаралық студенттер күнінде Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде «Түркі модерні» жаңрында ерекше қолтаңбасын қалдырған қарағандылық суретші Ерлан Ғаймолдиннің картиналар көрмесі ашылды.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрме 28 картинадан тұрады. Автор ерекше және тіпті таң қалдыратын мәнерде өз қолтаңбасын қалдырған. Оның шығармаларының тақырыбы қазақ халқының мәдениеті мен эпостарынан бастап сақтар мен түріктердің мифологиясына дейінгі дәуірлерге бағытталған, – деп атап өтті Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті мұражайының директоры Қарлығаш Айтбайқызы.

Үш жыл бұрын өмірден өткен Ерлан Ғаймолдиннің артында қазақтың ұлттық нышандары, көшпенділер тарихы, фольклор мен Тәңіртану мифологиясы секілді бір-бірімен біте қайнасып жатқан өзіндік көркем мұра қалды. Оның бабалар рухы мен заманауи бейнелерге толы картиналары дәстүрлер мен жаңа көркемдік формалар арасында ерекше көпір жасайды.

Суретшінің достары, әріптестері және туыстары ұйымдастырған көрме этникалық мотивтерді заманауи өнер тенденцияларымен батыл үйлестірген. Картина арқылы шебердің шығармашылық мұрасына енуге шақырады.

– Ерлан Ғаймолдин мамандығы бойынша – суретші және дизайнер, жүрегінде – музыкант және өнертанушы. Көрменің мақсаты – COVID-19 індеті кезінде өмірден өткен Ерлан Ғаймолдиннің рухына тағзым ету және студенттер мен көрме қонақтарының оның өмірбаяны мен шығармашылығымен таныстыру.

Көрмені тамашалағандардың айтуынша, импрессионист-суретші Модильянидің шығармашылығынан, сондай-ақ, телебағдарламалардан шабыт алған. Қазақстанның заманауи өнері мен ұлттық мұрасына мән берген суретші шығармашылығын жарқын және жан-жақты жеткізуге тырысқан. Оның бірегей көркемдік тәжірибесі мен эксклюзивті авторлық көзқарасы әр адамға өнердегі жаңа бағыттарды сезіндіреді.

Қайта ойластырылған қазақ мәдениетінің әсері мен сұлулығын сезінуге және дәстүрлі түркі мұрасының шебердің батыл, мәнерлі еңбектерінде қалай өмір сүретінін көруге мүмкіндік береді.

## • ҰЛТТЫҚ СПОРТ

## Әлемдік додада әлеуетін танытты

Қарағандылықтар тоғызқұмалақтан өткен әлем чемпионатында бір алтын, екі қоланы қанжығалады. Алтын – Асылхан Қожанәсіпке бұйырды. Ал, екі қола Асаған Қожанәсіп пен Жақсылық Рахымжан иеленді. Әлемдік дода Түркияда өтті.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Зияткерлік ойынға 14 елдің тоғызқұмалақ шеберлері қатысты. Чемпионат жүлде-десін Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Моңғолия, Озбекстан, Румыния, Түркия, Испания, Франция, Чехия, Украина, Грузия, Венгрия және АҚШ-тан 100-ге жуық үміткер сарапқа салды. Жа-

рыс тоғызқұмалақтың классика, рапид және блич сияқты түрлері бойынша өтті. Асылхан Қожанәсіп классикада топ жарды. Асаған Қожанәсіп болса, бличте үшінші орын алды. Жақсылық Рахымжан мангала түрік зияткерлік ойынында қола жүлдені қанжығалады.



## • БӘРЕКЕЛДІ!


## «Алаудың» алғашқы жеңісі

Астана қаласында «Штаб квартира» фестивальное движение» орталығының ұйымдастыруымен DANCE XEROES халықаралық би байқауы өтті. Оған еліміздің түпкір-түпкірінен және көршілес елдерден 100-ге жуық би ұжымдары қатысты. Қарағандыдағы «Қарақат» мектеп-студиясының «Алау» би ансамблі жүлделі орыннан көрініп, лауреат атанды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған байқауда «Алау» би ансамблінің жоғары (13-14 жас) және кіші (9-10жас) тобы бақ сынады. Екі топтың құрамында – 20 бала. «Алау» ансамблі сахнаға 66-шы болып шығып, жоғары топ эстрадалық бағытта би билесе, кіші топ «Кербез» атты қазақ биін биледі. Қазылар алқасының шешімімен жоғары топ үшінші орынға, кіші топ екінші орынға ие болды.

– Менің «Алау» ансамблі құрамына келгеніме 5 айдай уақыт болды. Кез келген биді еркін билеймін. Биге және гимнастикаға икемім бар. Осыны байқаған амам



Ләззат Әминқызы мені осы «Қарақат» мектеп-студиясына алып келді. Бұл – алғашқы қатысқан байқауым. Жетекшіміз Бахыт Балғабайқызы – өте тәжірибелі

ұстаз. Мейірімді әрі білікті маман. Нәтижесін өздеріңіз көріп отырсыздар, – деді Айкүнім Қуандық.

Көптеген ансамбльдердің арасында жерлестеріміздің өнеріне

елдің сүйсінгенін атап айтқан жөн. Сахна мәдениеті мен киім үлгісі де көз тартқанын айтады ансамбль жетекшісі Бахыт Балғабайқызы.

– Мұндай ірі байқауға қатысу оңай емес. Қаншама еңбек етеміз, тер төгеміз. Ұйымдастырушылар алдымен жетістігімізді және дайындығымызды бағалады. Осы жас ерекшелігіне қарай бес ұжымды ұсындық. Соның екеуі ғана өтті. Қарағандыдағы «Қарақаттың» екі бөлімшесінде 200-ден астам жас бишілерді тәрбиелеп жатырмыз. Өзіміз осы салада 16 жылдан бері жұмыс істеп келеміз. «Қарақатқа» келгеніме бір жылдан асты. Байқау өте тартысты болды. Өте жоғары деңгейде өтті. Енді 1 желтоқсанда Қарағандыда өтеді байқау. Содан топ жарсақ, Ташкентке жол тартамыз. Біздің бишілеріміз осы қарқыннан таймай, біраз белесті бағындырамыз деп тастүйін отыр, – деді Бахыт Балғабайқызы.

Командаға кубок, әр қатысушыға диплом мен медаль, ансамбль жетекшісіне Алғыс хат пен естелік сыйлық табыстады.

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
Қайрат Жүнісұлы  
ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
Оксана Вячеславовна  
МЯГКИХ

Бас редактор –  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2XKX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 130 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор: ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ